

А. Күзембайұлы, т.ғ.д., профессор

Н. Кәкімжанова, Ы.Алтынсарин музейінің ғылыми қызметкері

В.В.РАДЛОВТЫҢ ҚАЗАҚ АНТРОПОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қазақ халқының тарихын, әсіресе оның шығу тегі мен халық болып қалыптасуында антропологиялық зерттеулердің орны ерекше. Өкінішке орай, қазақ халқы бұл тұрғыдан толық зерттеліп болды деп айту қиын. Бұл жөнінде өткен ғасырдың 60 – жылдарынан бері тынымсыз еңбек етіп, бір өзі бүтіндей бір ғылыми мекеменің жұмысын атқарған, қазақтың алғашқы антрополог ғалымы атанған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі, тарих ғылымының докторы, профессор Оразақ Смағұлұлы.

Академик О.Смағұлұлы зерттеулерін өзіне дейінгі ғалымдардың артына қалдырған мұралары негізінде жүргізгені белгілі. XIX–XX ғасырларда орыс және шетел И.Г.Георгий, Н.Л.Зеланд, И.Е.Деникир, А.Н.Харузин, А.А.Ивановски, С.И.Руденко, А.И.Ярхо, В.В.Гинзбург, Г.Ф.Дебец, М.Г.Левин, Н.Н.Чебоксаров [1] тағы да басқа сол сияқты ғалымдардың қазақ антропологиясын зерттеуге қосқан үлестері ғылыми басылымдарда көрсетілген [2].

Алдарыңыздағы шағын мақаланың негізгі мақсаты немістің белгілі ғалымы, түркітану ғылымының негізін қалаушылардың бірі В.В.Радловтың қосқан үлесін анықтау. Оның арнаулы антропология саласында білімі болмаған. Бірақ, XIX ғасырдағы ғалымдардың бір ерекшелігі олардың бесаспап маман болуында еді. Өздері меңгерген, қызығып айналысқан ғылым саласымен қатар, олар қатарлас, көршілес ғылымдарды да меңгеруге тырысты.

В.В. Радлов антропологиялық зерттеуін арнаулы бір әдістеме бойынша жүргізген жоқ. Ол көзіне көрініп тұрған қазақ халқының дене бітім

ерекшеліктеріне сипаттама берді. Осы басылымның өткен жылы жарияланған мақаламызда айтылғандай ғалым 1862 жылдары қазақ даласына саяхат жасағаны белгілі. Міне, осы сапарында ол біршама антропологиялық материалдар жинап, кейінде олар немісшеден орыс тіліне аударылған «Из Сибири» атты негізгі еңбегіне енген болатын [3].

Еуропа үшін жұмбақ болып келген қыры мен сыры мол Азия халықтары ол заманда әлемдік ғылымда тым әлсіз зерттелген проблема болып есептелді. Қазақ даласын мекендеген тайпалар мен ұлыстар жөнінде ғылымда әр түрлі кереғар пікірлер орын алды. Тіпті олардың бет – әлпетін құбыжыққа тенең, тұрмыс-тіршілігін жабайы аңдар деңгейіне дейін жеткізген болатын. Отаршылдық пен нәсілшілдік уына уланбаған В.В. Радлов қазақ халқы жөнінде шындыққа, ақиқатқа жүгініп, көріп білгенін қағазға түсіруге тырысты. Қазақ арасында бірнеше жыл болып, қоян-қолтық олармен араласа жүріп, ол ғылымға халқымыз жөнінде позитивті ақпарат тарата білді.

Қазақ халқының ішкі және сыртқы қасиеттерін мұқият бақылаған ол өз кітабында былай деп жазды: *«Несмотря на то что казак-киргизы, живущие в обширной степи, в языковом отношении составляют столь неразрывное целое, что вряд ли можно заметить диалектальные различия в языке киргизов у Каспийского моря и на Верхнем Иртыше, их обычаев, привычек, быта, характера и повсюду их резко отличает от других тюркских народов общее им всем осознание принадлежности к народу казаков и к одному из братских племен этого широкого разветвленного народа, внешность казак-киргизов все же свиде-*

тельствует о том, что этот народ – смесь народов монгольского и кавказского типов. Большинство киргизских физиономий обнаруживает явные следы монгольского антропологического типа. Левшин объясняет это тем, что киргизы на протяжении столетий старались брать калмыцких жен, особенно часто это имело место в прошлом столетии, после уничтожения возвращавшихся с Волги орд торгутов»[4].

В.В.Радлов өзіне дейінгі қазақ халқы жөнінде қалыптасқан теріс пікірлерді сынай отыра, оның антропологиялық типінің қалыптасуына өз пікірін білдірді. Егер, А.И.Левшин қазақтың бет әлпетіндегі монголоид типінің кейбір көріністерінің кездесуін олардың қалмақ әйелдеріне үйленуіне байланыстырса, В.В. Радлов бұл процесстің тамыры тереңге кеткендігін айтады. «Я же думаю, что смешение это следует отнести к более раннему времени ...» [5] деп ол ғылымда орын алған пікірге сенімсіздікпен қарады. Шынында да қазақ халқының антропологиялық ерекшеліктерін терең зерттеген О.Смағұлов «Постепенное наложение монголоидный элементов на древний европеоидный пласт местных племен в конечном счете привело к образованию морфологических особенностей современных казахов. Поэтому история формирования антропологического типа казахов представляет собой сложную историю взаимодействия европеоидной и монголоидной рас. ...Если наше предположение верно, то возможно, что специфические особенности антропологического типа казахов складывались и развивались в основном на базе древнеказахстанской европеоидной расы при длительном контакте с пришлыми монголоидами» деп ғылымның бұл пікірін дәлелдеп берді [6].

Бір қызығы, арнаулы антропологиялық өлшеу жұмыстарын жүргізбеген ғалым, қазақтың бет-әлпетінің ерекшеліктерін дәлме-дәл сипаттауға

тырысқан. Көз, құлақ, мұрын, маңдай, ауыз, ерін, жақ, иек, қас сияқты адамның бет-бейнесін қалыптастыратын элементтердің орналасу және олардың көлемі жөніндегі баяндауы оның антропология ғылымынан терең хабары бар екендігін дәлелдейді. «У них маленький рот, черные узкие, но не раскосые глаза, и слабая растительность на щеках и подбородке»[7] – деп жазады ғалым.

Әлбетте, қазақтың ұлан ғайыр сахарасын мекендеген қырық рулы елдің антропологиялық типі бір текті болды деп дәлелдеу шындыққа жанаспас еді. Өйткені бұл процеске халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, табиғи ортасы, оны қалыптастыруға қатынасқан этникалық негіздердің әсер ететіндігі белгілі. «... Наряду с таКими близкими монгольскому типу физиономиями большинства киргизов (казахов. Н.К., А.К.) почти в любой семье можно найти отдельных индивидуумов совершенно иного типа: продолговатые, овальные лица, более крупные, еще более интенсивно черные глаза, густые кустистые брови, густая растительность на щеках и подбородке и большой кручковатый нос» [8] – деп жазды ғалым қазақтар жөнінде. Тоғыз жолдың торабы болған, талай жаугершілік заманды басынан өткізген қазақ халқы құрамында басқа нәсілдің өкілдерінің кездесуі заңды құбылыс еді. Қазақ арасына сіңген кірмелерді бөтенсімеу, оларға қыз беріп, қыз алысу ел дәстүріне кең тараған құбылыс болатын.

Көзге көрініп тұрған қазақ этносының антропологиялық тұрпатының сипаттап қана қоймай, оған ол өзінің пайымдауын береді. «Рост киргизов (казахов. Н.К., А.К.) в целом средний, хотя среди них можно встретить иногда и очень высоких людей – широкоплечих, коренастых, с широким, часто бычьим затылком» [9] дей келе қазақ арасындағы ерекше денелі жігіттерінің кездесетіндігін баса көрсетеді. Азия халықтарының көпшілігі-

нің дене пішімінің шағындығы жөніндегі ғылымда қалыптасқан жалған пікірге қарсылық білдірді.

Жергілікті халықтың салауатты тұрмыс және оның қорегі дене бітімінің қалыптасуына әсер ететіндігін баса көрсетеді. «*Мне даже кажется, что конституция тела богатых киргизов (казахов. Н.К., А.К.) ... является лучшим доказательством того, что самой естественной пищей человека является мясо*», [10] ал ет жемейтін «*...татары, употребляющие в пищу коренья и муку, в сравнении с киргизами имеют весьма жалкие фигуры*» [11] деп қорытындылайды. Белогқа бай ет тағамы (оның ішінде жылқы еті) адам ағзасының қалыптасуына және оның дұрыс дамуына әсер ететіндігін осы заманғы медицина ғылымы да дәлелдеп отыр.

Қытай мен шекаралас аудандарды мекен ететін қазақ ұлыстарында опиум шегетін қазақтар жиі кездесетіндігін айтады автор. Бірақ, соған қарамастан оларға «*... Длительное употребление опиума не нанесло им ни малейшего вреда; если китайские курильщики опиума превращаются в жалкие развалины, то киргизские выглядят здоровыми и цветущими*» [12] дегені жалпы адам ағзасына зиянды әсер ететін заттың қазақ үшін қауіп емес екендігін көреміз. Қазақ әйелдерінің де антропологиялық ерекшеліктері назардан тыс қалмаған. «*Что же касается женских лиц, то они, если монгольский тип не выражен в них слишком сильно, в молодости отнюдь не уродливы; особенно приятное впечатление производят девушки в 16-20 лет; не дурны молодые женщины до 25 лет < . . . >; редко встречал я хорошо выглядевших матрон*» [13] деп қазақ қыздары мен келіншектерінің көріктілігіне көңіл аударған. Бірақ, оның әйел мен еркектерде кездесетін нәсілдік айырмашылықтарына қосылу қиын. Біздің ойымызша, кешегі кеңес заманына дейін, қазақтың этнос ретінде құрып кету қауып төнгенге дейін

біздің аталарымыз бөтен текті әйелдерге үйленуді дағдыға айналдырған. Сондықтан да, көптеген әулеттің отбасында орыс, сарт, қарақалпақ, башқұрт қыздары келін болғандығын көптеген деректерден кездестіреміз.

В.В. Радлов қазақтың есту және көру қабілетіне ерекше көңіл аударды. «*Изо всех чувств у киргизов (казахов. Н.К., А.К.) особенно развито зрение ...*» [14] дейді де оның себептерін түсіндіруге тырысады. Көшпелі тұрмыс жағдайында адам көп уақытын далада өткізеді. Сондықтан ол жолсызда жол табу үшін, кең далада айналасындағы болмашы белгілерді есте ұстау үшін, бақылау ескеру қасиеттерін дамытуға мәжбүр.

Қазақ арасында әлжуаз, әлсіз адамдарды көрмегендігін айта келе, ғалым халықтың жалпы денсаулығының жақсы екендігін баса көрсетеді. Таза ауа, табиғи қорек, некелесу жүйесінің беріктігі, табиғи сұрыптау, қазақ этносының тазалығына, салауаттылығына, жалпы қазақ этносының денсаулығының мықты болып қалыптасуына игі әсерін тигізген. «*Многие киргизы (казахов. Н.К., А.К.) доживают до глубокой старости; в некоторых местностях я встречал людей, перешагнувших свое восьмидесятилетие. Говорят, что не редкость и столетние старики*» [15] деп қорытындылайды автор өз пайымдауын.

Қорыта айтқанда, В.В. Радловтың қазақ халқының антропологиялық типі жөнінде айтқан ойлары осы күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Оның жасаған тұжырымдарының дұрыстығын осы замандағы зерттеулер дәлелдеп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.Г.Георги. Описание обитающих в Российском государстве народов. СПб., 1976; Н.Л.Зеланд. Киргизы. Омск, 1885; И.Е.Деникир. Человеческие расы. СПб., 1900; А.Н.Харузин. Киргизы букеевской орды. Труды антропологии отд. ОЛЕАЭ.т.

Х, в.І, М.1889; А.А.Ивановский. Об антропологическом составе населения России. Тр. антропологии отд. ОЛЕАЭ., 1904; С.И.Руденко. Антропологические особенности западных казахов, Сборник «Казаки», вып. 3,Л., 1927; А.И.Ярхо. Казахи Русского Алтая. «Северная Азия» 1930 №1-2; А.И.Ярхо. Алтай-Саянские тюрки. Абакан, 1947; В.В.Гинзбург, Г.Ф.Дебец, М.Г.Левин, Н.Н.Чебоксаров. Очерки по антропологии Казахстана. Краткое сообщение Института этнографии АН СССР вып. 16, М., 1952; В.В.Гинзбург. Антропологическая характеристика казахов и уйгуров Тянь-Шаня. Кр. сооб. института этнографии АН СССР вып. 16. 1952; Г.Ф. Дебец. «Полеоантропология СССР», М.-Л., 1948; В.В.Гинзбург. Древнее население Восточных Центральных районов Казахстана по данным антропологии. Антропологический сборник 4. Труды института этнографии АН СССР, т.33, 1956; О.Исмагулов. Антропологическая характеристика современных казахов по данным краниологии. Антроп. Сборник 4, Труды Института этнографии АН СССР, т.82, М., 1963; О.Исмагулов. Антропологическая характеристика усуней Семиречья. Труды Ин-та истории, археологии и этнограф.

АН Каз ССР, Т.16, Алма-Ата, 1962; О.Исмагулов. Процесс становления антропологического типа казахов в связи с проблемами этногенеза. Доклады 7-го Международного конгресса антропологических и этнографических наук, М., 1964.

2. Әбілев А. Қазақ халқының жарты ғасырлық антропологиялық зерттеу тарихына шолу// Тезисы докладов и сообщений членов студенческого научного общества исторического факультета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова. Под – ред. К. П. Коржевой. Алма-Ата, 1967, 78-81б.
3. Радлов В.В. Из Сибири: Страницы дневника. Пер. с нем. К.Д. Цивиной и Б.Е. Чисовой. М. «Наука» 1989, 249-251 б.
4. Бұл да сонда. 251 б.
5. Бұл да сонда. 251 б.
6. О. Исмагулов. Население Казахстана от эпохи до современности. А, 1970, 137-148 б.б.
7. Радлов В.В. 250 б.
8. Бұл да сонда. 251 б.
9. Бұл да сонда. 251 б.
10. Бұл да сонда. 251 б.
11. Бұл да сонда. 251б.
12. Бұл да сонда. 251б.
13. Бұл да сонда. 251-253 б.
14. Бұл да сонда. 252 б.
15. Бұл да сонда. 249-252б.

А.Кузембайулы, Тюлембаев А.К.

Костанайский государственный педагогический институт

Н.Какимжанова

научный сотрудник музея Ы.Алтынсарина

В. В. РАДЛОВ - ОСНОВОПОЛОЖНИК ТЮРКОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

В истории каждой области знаний есть имена ученых, с деятельностью которых связаны целые эпохи в развитии того или иного направления в науке и капитальные труды которых стали прочным фундаментом здания современной науки. Есть такое имя и в тюркологии-это Василий Васильевич Радлов.

Биографии и его вкладу в науку посвящены всего несколько публикаций его современников и исследователей его научного наследия. В настоящей статье мы попытались проследить его жизненный путь и показать его вклад в изучении этногенетических связей тюркских племен Сибири, в том числе и казахов.